



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 11 наурызы

KASE биржалық нарықтың 2021 жылы ақпан айындағы жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2021 жылдың ақпан айына жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2021 жылдың ақпан айына 12,9 трлн теңгені құрады, қаңтар айымен салыстырғанда 14,4 % немесе 1,6 трлн теңгеге өсті.
- KASE Индексі мәні 5,6 % өсіп, 2 957,76 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 5,2 % өсіп, 1 трлн теңгеден 20,8 трлн теңгені құрады.
- Листингілеу рәсімінен бір эмитент өтті.
- 2021 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 186 эмитенттің 470 мемлекеттік емес бағалы қағаздары тіркелген.
- 2021 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 140 664 астам жеке шоты тіркелді. Ол өткен айға қарағанда 3 979 шотқа және 2021 жылдың басына қарағанда 7 803 шотқа артық.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2021 жылдың 17 ақпанында KASE 2020 жылдың қорытындысы бойынша жыл сайынғы марапаттау рәсімін өткізді: үздік нәтиже көрсеткен Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды – айқындылыққа ұмтылғаны үшін, сондай-ақ БАҚ өкілдерін – қор нарығыны баспа БАҚ-да және интернет-ресурстарда белсенді жариялап отырғаны үшін.

KASE ақпан айында проводила в рамках проекта "Эмитент күні" жобасы аясында Шымкент қаласының әкімдігі басшылығымен, "Азия Даму Банкі" АҚ және "1Fit" ЖШС инвесторларымен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және БАҚ өкілдерімен бағалы қағаздар шығарылымына арналған кездесу өткізді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капитализациясы 5,2 % немесе 1 трлн теңгеге артып, 20,8 трлн теңгені (50,2 млрд USD) құрады.

Ақпан айының аяғында KASE сауда-саттық тізімінде 123 эмитенттің 139 акциялары орналастырылды, олардың ішінде листингілік емес бағалы қағаздар секторында – бес компанияның үш атаулы акциялары болды.

Есептік кезеңде KASE ресми тізіміне жаңа эмитенттің "Жалтырбулак" АҚ жай акциялары енгізілді. Биржаның сауда-саттық тізімінен эмитент бастамасы бойынша "Fincraft Capital" (JSCP) жай акциялары шығарылды.

Ақпан айында акциялармен сауда-саттық көлемі қаңтар айымен салыстырғанда 34,9 % немесе 7,1 млрд теңгеге өсіп, 13,3 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 666,3 млн

теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 1 316, бір мәміленің орташа көлемі – 506,2 мың теңге.

Инвесторлардың ішінде акциялармен мәмілелерінің жалпы сауда-саттық көлемі 42,5 % жеке тұлғаларға келді. Брокер-дилерлердің үлесі 24,1 %, өзге институционалдық инвесторлар – 4,9 %, өзге заңды тұлғалар 28,5 %. Бейрезиденттердің қатысуы 3,9 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

Ақпан айының қорытындысы бойынша KASE Индексі 5,6 % дейін немесе 157,84 нүктеден 2 957,76 нүктеге дейін өсті. Ақпан айында KASE Индексі алғаш рет 2007 жылдың ортасынан тарихи максимумды жаңартып, бір айдың ішінде 3 000,45 мәніне жетті.

Ақпан айында индекстік акциялармен мәміле көлемі 5,8 млрд теңгені құрады. Ең үлкен сауда-саттық көлемі "Қазақтелеком" АҚ жай акцияларына келді – 2,4 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінен 41,7 %).

KASE Индексінің өкілеттік тізіміне кіретін соңғы мәмілелері бойынша акциялар бағасын өзгерту

| Эмитент | Сауда- саттық коды | баға өзгеруі | | |
|---|-----------------------|--------------|------------|------------------|
| | | 01.01.2020 | 01.10.2020 | жыл басынан бері |
| "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ | KZAP | 7 499,99 | 9 289,00 | +23,9 % |
| KAZ Minerals PLC | GB_KZMS | 4 100,00 | 4 800,00 | +17,1 % |
| "Қазақтелеком" АҚ | KZTK | 26 015,07 | 26 999,00 | +3,8 % |
| "Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ | HSBK | 134,00 | 138,00 | +3,0 % |
| КазТрансОйл" АҚ | KZTO | 996,00 | 1 023,97 | +2,8 % |
| "Банк ЦентрКредит" АҚ | CCBN | 210,00 | 214,00 | +1,9 % |
| "KEGOC" АҚ | KEGC | 1 690,00 | 1 679,99 | -0,6 % |
| "Kcell" АҚ | KCEL | 2 839,90 | 2 456,00 | -13,5 % |

"Казатомпром" АҚ жай акциялары өсім көшбасшысы болды, олардың бағасы 23,9 % дейін өсіп, бір акцияға 9 289 теңгені құрады. Өсім қарқынын ұстап тұратын негізгі фактор - уранның бағасын төмендету бойынша әлемдік ұсынымды күту болды, бір жағынан канадалық тау - кен компаниясының Cameco әлемдегі ірі уран руднигі - Сigar Lake қайтадан іске қосуды белгісіз мерзімге тоқтата тұру туралы хабарламасы, екінші жағынан, әлемдегі ескі уран рудниктерінің бірі - Австралиядағы Ranger руднигінің қызметін тоқтата тұру. Сонымен бірге нарық Қытай, Ресей және Белоруссиядағы жаңа атом энергоблоктарын желіге қосу есебінен уран рудасына деген әлемдік сұранысты күтуде.

Лондон қор биржасында (LSE) саудаланатын компания ЖДҚ есептік кезеңде 26,2 % дейін өсіп, \$21,70 құрады, ол 26 ақпандағы Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша бір акцияға 9 000,51 теңгеге балама. Сонымен қатар, уранға ұснымының көп болу мүмкіндігіне деген қауіп аясында уран бағасының фьючерсі NYMEX-те кері трендті көрсетеді және бір фунтқа \$29 құрайды, ол 2020 жылдың мамыр айында байқалған төрт жылдық максимумнан төмен, яғни, бір фунтқа– \$34 құрады.

Тағы бір өндіруші сектордың өкілі KAZ Minerals PLC мыс холдингінің акциялары 2020 жылдың наурыз айынан бері байқалған тұрақты өсу үрдісін жалғастыра отырып, 17,1 % дейін өсіп, бір акцияға 4 800 теңгені құрады. Өсімнің басты драйвері Лондон металлдар биржасында (LME), мыстың бағасы өсіп, 2011 жылдың тамыз айынан бері алғаш рет бір фунт \$4,3 құрады. Түрлі-түсті металл бағасына қолдау көрсету үшін, өз кезегінде, пандемияға байланысты енгізілген шектеулерден мысты жеткізудегі дефицит, сондай-ақ үкімет пен орталық банктердің ынталандырушы шаралары себеп болды. International Copper Study Group соңғы мәліметтеріне

қарағанда, 2020 жылдың қаңтар-қазанында әлемдегі мыстың тапшылығы 480 мың тоннаны құрады, сонымен қатар өндіріс 1,5 %, ал тұтыну – бұрынғы кезеңге қарағанда 2 % өсті. Сонымен қатар, өндіріс көлемінің болжамы 25 ірі мыс өндірушілерден биылғы жылы нарық айтарлықтай тапшылыққа кездесуі мүмкіндігін көрсетеді деп хабарлайды Trading Economics.

Ақпан айының аяғында компания 2020 жылдың төртінші тоқсанына өндірістік есебін ұсынды. Оған сәйкес, 2020 жылы мыс өндірісінің көлемі 2 % өсіп, жоспарлық диапазон – 305,7 мың тоннадан асты. Сонымен қатар, 2019 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі бір уақытта 1,8 % төмендегені және жылдың соңында қазақ-қытай шекарасында жүк тиеудің кідіруіне байланысты сату көлемі 5,5 % азайған. Өндірістік есеппен бірге, KAZ Minerals 2020 жылға аудиттелмеген қызмет нәтижесін ұсынды, оған сәйкес есептік кезеңде EBITDA көрсеткіші 5,6 % өсіп – \$1,431 млрд. дейін жетті. Сонымен қатар, топтың таза қарызы екінші жартыжылдықтағы операциялық қызметтен түскен үлкен ақша ағымынан 5,7 % төмендеп, \$2,601 млрд құрады және жыл бойына капиталдық шығын деңгейі, күткеннен де төмендеді – \$584 млн. Компания сондай-ақ, 2020 жылы жоспарланған кейбір жобаларды COVID-19 салдарынан 2021 жылға шегергені туралы айтады.

Бағалардың біршама төмендегені "Кселл" АҚ акцияларынан да байқалады, олар ақпанның алғашқы аптасында 2020 жылы қаржылық есептілікті жақсы жапқанына қарамастан, 13,4 % азайды, соған сәйкес 2019 жылға қарағанда таза табысы 2020 жылы 1,8 есе артты. Сатудың таза көлемі 11,5 % өсіп, 174,7 млрд теңгені құрады, сонымен қатар, абоненттік база саны 2,7 % дейін қысқарып, 8,055 млн абонентті құрады. Ұялы телефондарды сату 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 81,4 % құрады, сонымен қатар IV тоқсанда өсімі 75,5 % құрады. Компания IV тоқсанда ұялы телефондарды сатудағы өсімнің қосымша стимулы iPhone 12 шығарылымы болғандығын айтады. Ұялы телефондар нарығындағы Kcell жалпы үлесінің артуына әкелді. Қызметтен түскен табысы 1,8 % дейін артып, 140,1 млрд теңгені құрады.

24 ақпанда Kcell 09 сәуірге акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын жоспарлап отырғандығын хабарлады. Жиналыста Лондон қор биржасы және AIX компанияларының бағалы қағаздарының делистингі жоспарын бекіту жоспарлануда. Оң шешім қабылдаған жағдайда, ұялы оператор акциялары тек қана Қазақстан қор биржасында қалады. Компанияның хабарламасында бағалы қағаздар саудаланатын нарық санының азаюы тиісті құралдардың өтімділік деңгейін және қозғалыстың сауда үрдісін жақсартуға алып келетіндігі көрсетілген.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі ақпан айында 0,8 % төмендеп немесе 110 млрд теңгеден, 14,4 трлн теңгеге жетті.

Ақпан айының аяғында KASE ресми тізімінде 70 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 275 шығарылымы болды. KASE ресми тізімінен корпоративтік облигациялардың төрт шығарылымы алып тасталды: "Қазақстан тұрғын үй Компаниясы" АҚ екі шығарылымы және "Амангельды Газ" ЖШС шығарылымы – жойылуына байланысты, "Исткомтранс" ЖШС халықаралық облигациялары шығарылымы – мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты. Есептік кезеңде облигациялардың жаңа шығарылымдары Биржаның ресми тізіміне енгізілген жоқ.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні жыл басынан бері 7 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,77 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі қаңтар айына қарағанда 31,8 % немесе 74,7 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 3,9 млрд теңге) құрады, орташа күндік мәміле көлемі – 16 (қайталама нарықта – 278,3), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 505 млн теңге (қайталама нарықта – 278,3 млн теңге).

Барлығы Қазақстан қор биржасында төрт эмитенттің алты облигациялық шығарылымы жалпы сомасы 82,2 млрд теңгеге орналастырылды, ол қаңтардағы көрсеткіштен 16,7 % немесе 11,7 млрд теңгеге артық:

- "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ үш облигациялары шығарылымын орташа сараланған кірістілігі тиісінше (KFUSb8, KFUSb9, KFUSb10) жылдық 10,0 -10,60 %, орналастырып, 62,9 млрд теңге тартты; (шығарылым бойынша орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,12–10,57 %);

- "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ жылдық 11% өтеуге кірістілігі бар бес жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 14,3 млрд теңге тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ облигациялар шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,23 % орналастыра отырып, 4,6 млрд теңге тартты, өтеу мерзімі 295 күн;
- "R-Finance" шағын қаржы ұйымы" ЖШС облигациялар шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 20,00 % орналастыра отырып, 400,7 млрд теңге тартты;

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 44,9 %, брокер-дилерлердің үлесі – 6,9 %, басқа институционалдық инвесторлар – 10,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 36,9 %, жеке тұлғалар -0,5% болды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі есептік кезеңде көрсеткіштен на 52,6 % немесе 86,5 млрд теңгеден 77,9 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 7,7%, брокер-дилерлердің үлесі – 1%, басқа институционалдық инвесторлар – 86,3%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 3,9 %, жеке тұлғалар -1,2 % болды Резидент еместердің қатысу үлесі 2,1 % бағаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы жыл басынан бері 3,2 % немесе 547,6 млрд теңгеге өсіп, 17,9 % трлн теңгені (43,2 млрд USD) құрады.

МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі ақпан айында 12,7% немесе 299 млрд теңгеге төмендеді. Орташа сараланған сауда-саттық көлемі - 14,9 млрд теңге (қайталама нарықта – 3 млрд теңге), орташа күндік мәміле саны – 11 (қайталама нарықта – 5 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңге (қайталама нарықта – 587 млн теңге)..

МБҚ алғашқы нарық көлемі 238,5 млрд теңгені құрады, ол қаңтар айының көрсеткішінен 13 % немесе 35,8 млрд теңгені құрады. Барлық көлемі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға келді. Барлығы жылдық 8,99–10,12 % он бір орналастыру жүргізілді. (орташа сараланған кірістілігі жылдық 9,11–10,12 %) болды.

Алғашқы нарықта инвесторлардың негізгі санаты аясында ЕДБ үлесіне 73,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,1 %, өзге институционалдық инвесторларға – 10,4 %, өзге заңды тұлғаларға - 15,8 %. Бейрезиденттердің қатысуы 5,1 % бағаланды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 11,2 % немесе 7,6 млрд теңгеге өсіп, 60,5 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банктің ноттарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлеміне қарағанда 55,9 %, немесе 33,8 млрд теңге жалпы айналымға қарағанда, 40,3 % немесе 24,4 млрд теңге – МЕКАМ мәмілелері. Қалған 3,8 % (2,3 млрд теңге), негізгі көлемі Қазақстан Республикасының еурооблигацияларымен және шет елдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесіне 49,4 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 3,2 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 33,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне - 13,7 %, жеке тұлғалардың үлесіне - 0,3 %. Бейрезиденттердің қатысуы 0,5 % бағаланады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 35 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

Ақпан айында KASE ресми тізіміне төрт эмитенттің облигациялардың екі шығарылымы енгізілді, олардың екеуі Азиялық даму банкі, мақсаты гендерлік теңсіздікті төмендетуге арналған жобаларды инвестициялау және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ат салысу.

"Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторында сауда-саттық көлемі 17,4 млрд теңгені құрады. Барлық көлемі Азия даму банкі акцияларын орналастыруға тиді,

жазылым аясында өзінің облигацияларының екі шығарылымын жылдық 9,95 % және 10,15 % орналастырды. Өтеу мерзімі сәйкесінше жылдық 5,1 және 9,8 жыл.

Инвесторлардың негізгі санатында халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары нарығында алғашқы нарығында ЕДБ үлесі 13 % құрады, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 50,3 %, заңды тұлғалардың үлесі – 36,7 %.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҮЛДАРЫ

01 наурызда Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында есептік кезеңнің соңында 10 компанияның басқаруымен 17 құралдары орналастырылды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 7,6 млрд теңге және қаңтарға қарағанда 39,8 % немесе 2,2 млрд теңгені құрады.

| Құралдар | көлемі, млн KZT | Мәміле саны |
|------------|-----------------|--------------|
| RU_UKFFipo | 7 164,3 | 1 465 |
| BCClrb | 109,8 | 2 |
| CSECFe | 83,6 | 5 |
| CSECgm | 69,0 | 7 |
| FFIN_or | 49,7 | 68 |
| FHJlag | 46,9 | 6 |
| US_SPY_ | 20,2 | 78 |
| US_BIL_ | 18,2 | 4 |
| FHJlpc | 9,5 | 4 |
| IE_FXBF | 3,4 | 203 |
| FHJlds | 0,7 | 31 |
| FHJlhm | 0,5 | 18 |
| | 7 575,7 | 1 891 |

Инвесторлардың негізгі санатында 50,4 % жеке тұлғаларға келді, 44,2 % – брокерлік-дилерлік ұйымдар және өзге заңды тұлғаларға – 5,5 %.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2021 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 140 664 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш өткен айға қарағанда 3 979 шотқа артты.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2021 жылдың ақпан айында Қазақстан қор биржасында шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 29 KASE мүшесі қатысты. Есептік айда нарыққа үш брокер қатысты "Казпочта" АҚ, "Freedom Finance" АҚ және "CAIFC INVESTMENT GROUP" АҚ қатысты, олардың қатысу үлесі сауда-саттық брутто-айналымы - 0,2 %.

Шет ел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 990,8 млрд теңгеге жетті, ол қаңтар айының сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,8 % немесе 36,7 млрд теңге. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 49,5 млрд теңге, мәмілелердің орташа күндік көлемі – 360, бір мәміленің орташа көлемі – 137,7 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

| Жұп | Көлему, валюта бірл.млн | Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, % | Мәмілелер саны | Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары | Айдың соңындағы бағам (өзг.%) |
|---------|-------------------------|-----------------------------------|-----------------|--|-------------------------------|
| USD/KZT | 2 319,1 (+4,2 %) | 97,9 (-0,1 %) | 6 815 (-181) | 414,81 – 424,32 | 417,09 (-1,7 %) |

| | | | | | |
|---------|-------------------------------|---|-------------------|---|-------------------------------------|
| RUB/KZT | 1 006,8 (-32,9 %) | 0,6 (-0,3 %) | 210 (+48) | 5,5685 – 5,6819 | 5,6039 (+0,1%) |
| Жұп | Көлемі, валюта бірл.млн | Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, % | Мәмілелер саны | Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары | Айдың соңындағы бағам (өзг.%) |
| CNY/KZT | 104,6 (+1,2 %) | 0,7 (-0,02 %) | 140 (+62) | 64,2531 – 65,6606 | 64,3038 (-1,9 %) |
| EUR/KZT | 16,3 (x 2,4) | 0,8 (+0,5 %) | 28 (+7) | 504,15 – 514,10 | 504,70 (-1,3 %) |

АҚША НАРЫҒЫ

Нарықтағы сауда-саттық көлемі 11,5 трлн теңгені құрады, өткен аймен салыстырғанда 17,4 % немесе 1,7 трлн теңгені құрады.

Валюталық своп операциялары бойынша USD/KZT және МБҚ автоматты репо операцияларымен кірістілік мәні мәмілелер арқылы орташа сараланған мәнін көрсететін, бір жұмыс күніне ашылған, ақша нарығының MM Index Композитті индикаторы жылдық 151 б.н. ашылып, жылдық 8,24 % - 9,75 % дейін артты.

Репо операцияларының нарығы

2021 жылдың ақпан айында осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 10,2 трлн теңгені құрады, ол өткен айдың көлеміне қарағанда 1,7 трлн теңге немесе 19,5 % артық. Орташа күндік операциялар 508,9 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер – 424, бір мәміленің орташа көлемі – 1,2 млрд теңге.

Репо операцияларының біршама көлемін 6,3 трлн МБҚ авторепо операциялары құрады немесе репо операцияларының жалпы көлемінен 61,8 %, МБҚ-мен авторепо – 3,9 трлн теңге немесе 38,1%, МБҚ тікелей репо – 6,6 млрд теңге немесе 0,07 %, МБҚ-мен тікелей репо – 6 млн теңге.

Ақпан айының аяғына қарай TONIA индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен жасалған бір жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 169 б.н өсіп, жылдық 8,25 %-дан 9,94 %-ға дейін өсті.

TRION индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен Орталық контрагент қызметін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 168 б.н. өсіп, жылдық 8,26 %-дан 9,94 %-ға дейін өсті.

TWINA индикаторы (Биржада автоматты репо секторындағы бағалы қағаздармен МБҚ қоржынымен Орталық контрагент қызметін пайдалана отырып, клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне ашылған мәміле бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 105 б.н. артып, ақпан айында жылдық 8,35 %-дан 9,40 %-ға дейін өсті

Ақпан айында TONIA, TRION және TWINA репо операциялары индикаторларының құбылмалылығы Өзақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі дәлізі аясында құбылып тұрды, ал әрі қарай айдың соңына қарай, салық аптасының басталуына байланысты, төмендеген трендпен арта бастады.

Валюталық своп операциялары

2021 жылдың ақпан айының аяғына қарай валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 1,3 трлн теңгеге немесе 41,2 млрд теңгеге, қаңтар айында 3,3 % өсті.

Ақпан айында операцияларының орташа күндік көлемі 63,6 млрд теңгені, мәміленің орташа күндік саны – 12, бір мәміленің орташа көлемі - 5,5 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 54,9 % бір күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT_0_001) бір апталық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 42,2 % (USDKZT_0_002), бір айлық валюталық своп мәмілелері бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемінен 3 % (USDKZT_01M).

Ақпан айының аяғында бір күндік долларлық своп индикаторы SWAP-1D (USD) 35 б.н.өсіп, жылдық 7,93 % -дан 8,28 % құрады. Екі күндік валюталық своп кірістілігі SWAP-2D (USD) 78 б.н. өсіп, жылдық 7,95 % -дан 8,73 %-ға дейін артты.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Наурыз айының басында деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициясы болған жоқ, ақпан айында операциялар болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.